2003 жылдың 23-24 қыркүйегінде – Қазақстанның бастамасы бойынша шақырылған I съезд өтті. Съездің жұмысына әлемнің 14 елінен келген 17 делегациялар қатысты. Форум жұмысының қорытындылары бойынша Декларация қабылданды. Бұл Декларация бойынша конфессияаралық диалог халықтар арасында бейбітшілік пен келісімді қолдаудың маңызды құралы ретінде аталған болатын. Іс-шараның табысы I Съездің Шешімінде бекітілді, діни аралық формуды тұрақты негізде – үш жыл ішінде бір рет өткізу.

2006 жылдың 12-13 қыркүйегінде – Екінші съезд жұмысына 29 делегациялар қатысты. Съезд формуның өткізілуіне арнайы салынған «Бейбітшілік пен келісім сарайы» ғимараты алғаш форум қонақтарына есік ашты. Форум «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» тақырыбында өрбіді. Мына бағыттар бойынша жұмыс жасалды: «діни сенімнің бостандығы және басқа діндердің уағыздаушыларын қадірлеу» және «Халықаралық қауіпсіздікті күшейтуде діни көшбасшыларының рөлі». Әлемдік діндердің, мәдениеттердің және этникалық топтардың мәдени және діни ерекшеліктер негізінде пайдаланылатын жанжалдардың өршуіне тыйым салуды негіз еткен Декларация бекітілді.

2009 жылдың 1-2 шілдесі – Европа, Азия, Қиыр Шығыс және Америкадан сияқты 35 елдерден келген 77 делегациялардың қатысуымен өткен III Съезд. Съездің тақырыбы «Толеранттылық, өзара құрметтеу мен ынтымақтастыққа негізделген бірлікті құр кезінде діни көшбасшыларының рөлі». Үшінші форум қатысушылары бірлесе қабылдаған Декларацияда шынайы діни аралық диалогты құру үшін діни көшбасшылары мен қоғамдық ұйымдардың күш салу әрекеттерін әрдайым қолдау мен оларға көмек етуге, өзара қарым-қатынасы және бір-бірін құрметтеуді жақсартуға бағытталған діндер мен өркениеттердің диалогын қолдауға мүмкіндік туғызуға қоғамдастықты шақырттады.

2012 жылдың 30-31 мамыр – әлемнің 40 елдерінен келген 85 делегациялардың қатысуымен өткен IV съезд. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастауымен құрылған және III съезд қатысушылардың қолдауымен діни көшбасшылар Кеңесінің бірінші отырысы болды. Форум діни көшбасшылар мен халықаралық ұйымдармен диалог орнату және ынтымақтастықты қамтамасыз етудің артықшылықтарын анықтауды өзек етті. Бұл Кеңес жұмысы мәдениеттің диалогы мен экономикалық өзара әрекеттесуге бағытталды. Дін басшылары өзара әрекеттесуге, келісім мен бірлікте өмір сүруге, ғаламшарымыздың жасауына бүкіл адамзатты шақыру осы жолғы съезд қатысушыларының Үндеуі еді.

Ю. ПОМИНОВ,
член Ассамблеи народа Казахстана
с 1995 г.

Февраль 1995 года... Павлодарцы первыми в республике создают Малую (региональную) ассамблею народа Казахстана. Это – идея Президента страны Н.А. Назарбаева: создать в регионах такие организации и объединить их в единую большую Ассамблею народа Казахстана. Цель – сохранить и укрепить национальное согласие в многонациональном Казахстане...

Март 1995 года... Первая сессия Ассамблеи народа Казахстана, созданной Указом Президента 1 марта 1995 года... Сегодня, спустя 17 лет, можно без преувеличения сказать, что мы стали не только свидетелями, но и участниками события исторической важности. Мы – это первый руководитель секретариата нашей Малой ассамблеи народа Казахстана Канат Болатович Даржуман, вошедший в республиканский оргкомитет АНК и принимавший участие в разработке её основополагающих документов, инициатор создания первой в Казахстане уникальной Школы национального возрождения. Это его коллеги лидеры национально-культурных объединений: азербайджанского – Джафар Джафарович Махмутов, татаро-башкирского – Минир Хамитович Галеев, украинского – Михаил Сергеевич Парип-

МЫ – КАЗАХСТАНЦЫ

са, еврейского – Фаина Павловна Свечинская. Все эти люди и сегодня возглавляют национально-культурные центры и трудно переоценить их личный вклад в благородное дело укрепления национального единения и духовного согласия в стране.

Сегодня в области действуют уже 19 этнокультурных объединений и шесть филиалов областной Ассамблеи народа Казахстана. Без них невозможно представить культурную жизнь региона: это десятки мероприятий ежегодно... Чего стоит один традиционный фестиваль этнических культур! Отрадны и то, что в работу Ассамблеи, национально-культурных центров включается всё больше молодежи.

Глубоко символично, что именно в Павлодарском Доме дружбы, под крышей которого разместились все национально-культурные центры, проходило пленарное заседание участников Форума приграничного сотрудничества Казахстана и России.

Ассамблея народа Казахстана, создававшаяся как совещательно-консультативный орган при Президенте страны, стала конституционным органом и теперь имеет девять своих представителей

в Мажилисе Парламента. И это ещё одно свидетельство её огромного авторитета в общественно-культурной и политической жизни страны.

Сегодняшний мир неспокоен. То в одном, то в другом уголке планеты вспыхивают конфликты на межнациональной, межконфессиональной почве. Некоторые из них не гаснут годами и даже десятилетиями. А многонациональный Казахстан являет миру достойный пример национального единения и духовного согласия.

«Межнациональный мир и согласие не есть нечто, данное нам свыше, – подчеркнул в своём выступлении на XVII сессии Ассамблеи народа Казахстана её бессменный председатель Н.А. Назарбаев. – Это результат повседневной политики и практики государства и всех нас». Лидер нации отмечал также, что мы создали нашу уникальную, казахстанскую семью, возвели крепкие стены нашего общего дома, каждый из нас понимает, что все мы – сыны и дочери одного Отечества, мы вместе строим свою страну, свой дом, в котором живём и за который несём ответственность перед предками и потомками... Мы с гордостью говорим сегодня: мы – казахстанцы, мы – народ Казахстана.

Арнайы шығарылым

○ БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

ВЗАИМОПОНИМАНИЕ КАК НОРМА



Сердечно поздравляю всех жителей Павлодарской области с Днем духовного согласия, который отмечается в Казахстане с 1992 года. Совершенно очевидно, что и для Казахстана, и для многих других стран мира тема межрелигиозных и межнациональных отношений является темой принципиальной, от решения которой во многом зависит будущее самих государств, самих многонациональных обществ.

Пример тому – наша страна. Во все времена на казахстанской земле люди различных национальностей и религиозных убеждений жили в мире и согласии, что было залогом силы и процветания. Благодаря единению созидательных сил многих народов, Казахстан стал таким, какой он есть – сильным государством с богатой многогранной культурой, уникальным цивилизационным пространством.

С самого начала своего бытия независимый Казахстан говорит миру, что мир и согласие, любовь и взаимопонимание должны стать нормой жизни, определять отношения между людьми, странами и народами. Именно в Казахстане 20 лет назад, под патронатом Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева впервые был проведен Всемирный конгресс духовного согласия. На этой благословенной земле стало традиционным проведение Съезда лидеров мировых и традиционных религий, где представители различных вероисповеданий имеют замечательную возможность собраться вместе и поразмыслить о том, как ответить на вызовы, единые для большинства народов мира.

Поздравляя жителей Павлодарской области с Днем духовного согласия, желаю процветания Казахстану, руководству страны и всему казахстанскому народу, чтобы и дальше наши люди пребывали в мире, согласии, единомыслии, бережно хранили духовное наследие предков и жили в соответствии с высокими нравственными традициями.

Господь да благословит нас миром, согласием и успехами во всех добрых делах.

ВАРНАВА,
Епископ Павлодарский
и Экибастузский

ИСЛАМ – ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІК ДІНІ

Бүгінгі таңда Қасиетті де хақ дініміз – Исламды уағыздаушы әрбір адам және Тәуелсіз еліміздің қамын ойлаған әрбір ұлтжанды азаматтың басты мақсаты бірлік, ынтымақ, сүйіспеншілік пен өзара татулықты орнату болуы керек. Бөлінушілік пен кикілжіңге, адамдар арасын бұзатын, ауызбіршілікке нұқсан келтіретін, сыртқы дұшпандық пен ішкі араздыққа алып баратын істердің алдын алуы қажет.

1992 жылы Алматы қаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен рухани келісімнің Бүкіләлемдік Бірінші Конгресі өткізіліп 18 – қазанды қақтығыстар мен жанжалдарға тоқтау салу, қайырымдылық және көмек көрсету күні деп жариялау туралы манифест қабылдап, содан бері Қазақстан халқы бұл күнді – Рухани келісім күні ретінде атап өтіп келе жатқанын жақсы білеміз. Әрине, өзара тығыз рухани әрекеттестік Қазақстан халықтарының мәдениетін толықтырып, байыта түсуімен қатар олардың береке – бірлігін арттыра түсетіні көміл.

Өзара ынтымақ пен татулыққа, сүйіспеншілік пен қолғабыс көрсетуге шақырып, бөлінушілік пен дұшпандықтан сақтандыратын Ислам сияқты дін жоқ. Құран мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистері мұның айқын дәлелі. Мәселен, Ұлы Алла Тағала Құран Кәрімде бізді бірлікпен ынтымаққа шақыра отырып, былай дейді: «**Барлықтарың Аллаһтың жібіне (дініне) жармасыңдар, сондай – ақ өзара бөлінбеңдер**» (Әл Ғимран сүресі, 103 – аят). Ал сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.): «Мүміндер кірпіштерден қаланған бір ғимарат іспеттес» – дей отырып біздер үшін бірлікпен ынтымақтың қаншалықты маңызды екендігін білдірген.

Сондай – ақ, Ислам діні әрбір ұлт өкілдеріне құрметпен қарап ешкімді ұлтына, нәсіліне және жынысына қарап ажыратып бөлмейді. Алла Тағаланың алдында ешкім ешкімнен артық емес, егер қандайда бір артықшылық болатын болса ол тек тақуалықпен ғана өлшенеді. Бұл туралы Құран Кәрімде: «**Әй адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам атамен Хауа анадан) жараттық. Сондай – ақ бір – бірлеріңді тануларың үшін ұлттармен ұлыстарға бөлдік. Расында Алла алдында ең абыройлыларың тақуаларың (Алладан шынайы түрде қорыққандарың). Алла барлық нәрсені толық білуші, барлығынан хабардар**» (Хужурат сүресі, 13 – аят) – деп баяндалады. Ал Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде: «Ей, адамдар! Естерінде болсын! Раббыларың біреу, ешбір араб араб емес, араб емес арабтан, діндарлығынан басқа ешбір артықшылығы жоқ. Күмәнсіз Аллаһтың алдында ең мәртебелілерің діндар

болғандарың» – деп ескертілген.

Ислам сенімі бойынша Аллаға сеніп пайғамбарды мойындаған әрбір кісі мұсылман болып саналады. Мұсылман болғаннан кейін жоғарыдағы аят хадистерде айтылғандай олар бір-бірімен бауыр. Ал шынайы бауырластық бір-бірімізді жақсы көрумен болады. Бір-бірімізді өз нәпсімізден артық жақсы көрген жағдайда ғана Ұлы Раббымыздың құзырында шынайы иман келтірген мұсылман ретінде саналмақпыз.

Қазақстанды мекендейтін халықтардың ең басты байлығы береке-бірлігі екенін барлығымыз да жақсы түсінеміз. Осынау ұланғайыр кең жерімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері тұрып жатыр. Ауызбіршілік, ынтымақтастық пен рухани сыйластықты сақтаудың қаншалықты маңызды екенін түсіне отырып, алдыңғы буын ұрпақ біздер болашаққа бай да салиқалы мұра қалдыру үшін әркез бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бүгінгі заманымызды сақтап қалуға тырысуға тиіспіз. Елімізде тұрып жатқан Қазақстанның біртұтас халқын құрайтын түрлі ұлт өкілдерінің конфессияаралық және мәдени келісімін, достық қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған Елбасының жүйелі саясатын бүкілхалық болып әрқашан ерекше құрметпен жүзеге асыру біздің парызымыз. Қазақстан халқының бірлігі – еліміздің баға жетпес байлығы екенін ешқашан естен шығаруға болмайды.

Сондықтан да жүрегіңде шынайы иманы бар мұсылман адам іріткі фитнаға алып баратын іс әрекеттерді жасамауы, ондай істерден әрқашанда алыс туруы қажет. Бұзақылыққа, бүлікке, ел тыныштығын бұзатын жәйттерге ешқандай да жол бермеуі тиіс. Мұсылмандар үшін ең маңызды нәрсе халықтың тыныштығы, елдің бірлігі. Бір елде тұрып нанып жеп, суын ішіп отырғандықтан бір-бірімізге әрдайым құрметпен қарап өзара жақсы қарым-қатынаста болуымыз керек. Өйткені Алла Тағала Құран Кәрімде: «**Шын мәнінде, мүміндер бір-бірімен бауыр сондықтан бір-біріне ренішті болған бауырларыңды татуластырыңдар. Аллаһтан қорқыңдар**» деп бұйыруда. Ал Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадисінде: «Сіздер




иманға келмейінше жұмаққа кіре алмайсыздар. Ал бір – бірлеріңізді жақсы көрмейінше иманға келе алмайсыздар» – делінген. Яғни, бір-бірімізді жақсы көрмейінше шынайы мұсылман болып саналмаймыз. Жақсы көру дегеніміз – өзің үшін пайдалы болғанды өзгелерге қалап өзің үшін зиянды болғанды өзгелерге қаламау. Тіпті, өз мүдденнен өзге бауырларыңның мүддесін үнемі жоғары ұстау екенін әрбір мұсылман адам жақсы түсінеді.

Жер бетіндегі кез келген мемлекеттің, кез келген халықтың өмірінде мәселе деген шәштектен. Оны қалай шешуге болады? Міне, осы тұста әр мемлекеттегі биліктің мұндай сауалдарға беретін жауабы неғұрлым анық, тура, сенімді болса, соғұрлым оларды шешу де жеңіл болатыны белгілі. Көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстанның өркениеттік үлгілерінің бірі – рухани түсіністік, ұлтаралық татулық, саяси тұрақтылық, Елбасының төңірегіне топтасып, мемлекет саясатын бір кісідей қолдау – бұлардың барлығы Тәуелсіз еліміздің үздіксіз өркендеуінің кепілі. Біз мұны еш уақытта ұмытпауымыз қажет.

Ислам діні әрқашанда амандық пен есендік, тыныштық пен ынтымақ, береке-бірлік жолын ұстанатын дін. Тыныштық, ынтымақ, татулық, береке-бірлікті ұстану дегеніміз – рухани келісім, түсіністік, табысу, келісімге келу деген сөз.

Алла Тағалаға сансыз шүкірлер болсын, халқымыздың ынтымақ бірлігі артып көптеген ұлт пен ұлыс өкілдері дұрдараз болмай, бір үйдің баласындай тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатқан бүгінгі берекелі тіршілігін Жаратушы иемізден мәңгілікке сүйіншілеуге нәсіп етсін. (Әмин).

Нариман ИСЕНОВ,
ҚМДБ-ның Павлодар облысы
бойынша өкіл имамы



Благодать Господа нашего Иисуса Христа и любовь Бога Отца, и общение Духа Святого, да пребудут со всеми вами.

Мир, согласие, толерантность. Замечательные слова. Кажется, совсем недавно Президент нашей страны Нурсултан Назарбаев провозгласил данный лозунг главенствующим для процветания нашей Родины. И по сути, и по духу этот принцип должен быть основополагающим для гармоничного развития демократического государства. На протяжении всех лет независимого Казахстана этот принцип неуклонно со-

ЖИТЬ В МИРЕ

хранялся и претворялся в жизнь.

Мир, что может быть лучше мира! Жизнь без войны, без горя и слез. Наш многонациональный народ Казахстана пережил страшную войну, годы голода и репрессий. И только взаимопонимание, любовь к ближнему, взаимовыручка, уважительное отношение к традициям и верованиям народа, проживающего рядом, помогли выжить, выстоять в лихие годы. Слава Богу, сегодня наша страна одна из немногих, где господствует мир. Этот мир необходимо поддерживать и сохранять, чтобы наши дети никогда не услышали ни свист пули, ни разрушительный грохот бомбежек.

Жить в мире со всеми, кто тебя окружает, жить с миром в своем сердце, жить в мире с Богом.

Об этом говорил наш Президент на четвертом съезде лидеров мировых религий. Эти основополагающие принципы должны укорениться в сознании нашей молодежи. Стремление сохранить мир должно жить в умах и сердцах всех людей, но прежде всего нашей страны, в нашем доме. Сохранить мир в своем доме, наверное,

очень трудно, если соседи постоянно скандалят. Но все же это, хотя и сложно, но гораздо проще, чем восстанавливать разрушенное. Спросите своих отцов и дедов, им довелось через это пройти.

Жить согласно воле Божией, которая и провозглашает: «возлюби Господа Бога твоего всем сердцем твоим, и всею душою твоею, и всем разумением твоим, и всею крепостью твоею; возлюби ближнего твоего, как самого себя». Жить этими принципами искренне позволит жить в мире и согласии, в согласии со своей совестью, не лицемерия, не приспособившаяся. Уважать мнение ближнего. Терпимо относиться к убеждениям и взглядам, которые ты не разделяешь. Слушать и слышать ближнего твоего. Не доказывать свое превосходство, но пытаться понять, почему отстаиваются те или иные принципы.

Сегодня очень часто молодежи навязываются эгоистичные принципы: «Ты лучший, ты достоин большего, только ты должен этим владеть. Пусть все завидуют тебе. И так далее и тому подобное. Эгоизм, стяжательство, самолюбование.

Стало совсем не модным хорошо и честно трудиться, с любовью относиться к своим родителям и ближним, помогать нуждающимся.

Потакая собственным прихотям и похотям, невозможно достичь гармонии с духом, душой и совестью. А без них, увы, просто оболочка, а внутри пустота.

В нашем государстве много делается для укрепления мира и согласия, но еще больше предстоит сделать каждому из нас внутри себя.

Дорогие мои сограждане, дорогие сестры и братья! Любите свой дом, свою страну. Уважайте и почитайте убеждения и веру своего народа, но уважайте, веру других.

Давайте со вниманием и бережностью относиться к тем, кто рядом. Давайте будем ценить то, что имеем, что доверил нам Всевышний Творец, наш дом. Не расточать, но сохранять и приумножать. Дабы детям и внукам нашим не досталась пустыня, но прекрасный наш Казахстан.

Божие благословение да пребудет с каждым из нас, в каждом доме, в каждой семье.

Пастор Павел,
настоятель «Евангелическо-Лютеранского Прихода»

Шмидтляйн Иосиф,
настоятель Римско-
католической церкви
Терезы Младенца Иисуса
г. Павлодара

ДОРОГИЕ БРАТЯ И СЁСТРЫ!

Мы все появились в этом мире по воле Всевышнего и позже начали понимать, что мы существуем. Но каковы задачи и цели этой жизни? Ответ мы берём в источниках, которые оставил нам Всевышний Бог – возлюбить Его всем сердцем... и ближнего как самого себя. И это задание – к ближнему, нам особенно следует рассматривать ко дню Духовного Соглашения.

Дорогие Братья и сёстры! Мы ещё не все возможности исчерпали для нашего духовного сближения друг с другом. Хотя мы относим себя к разным религиям и вероисповеданиям, мы знаем, что у нас общая причина существования и значит есть общие цели этой жизни, и эти цели добрые, а не злые, и значит и между нами должно царствовать добро и при том самое большое.

Самое большое добро это любовь. Апостол Павел характеризует любовь: Любовь долготерпит, милосердствует, любовь не завидует, любовь не превозносится, не гордится, не бесчинствует, не ищет своего, не раздражается, не мыслит зла, не радуется неправде, а сорадуется истине; всё покрывает, всему верит, всего надеется, всё переносит. Любовь никогда не перестает. (1Кор.13,4-8а) Если эти слова сравнить с нашей жизнью, то можно увидеть в нас всех массу недостатков в такой любви.

Конечно, во многих вопросах мы можем быть разного мнения, но эти мнения не должны приносить раздор между нами, но должны вести нас к поиску хорошего и даже наилучшего решения каждого вопроса. Мы также не можем соглашаться с неправдой и несправедливостью, но надо всем вместе искать все возможные пути для справедливой жизни.

Мы даже можем и обязаны требовать справедливости, но и это должно сопровождаться той же любовью. Думаю, все религии и вероисповедания должны быть в поиске любви между собой, а государства должны этому содействовать и давать возможность свободного вероисповедания, которое не нарушает права других.

Поздравляю Вас, Братья и Сёстры с Днём Духовного Соглашения! Пусть в нашем обществе развиваются добрые отношения между всеми религиями и вероисповеданиями, и также отношение Государства к ним да будут прекрасными, чтобы человек мог жить в правде и благодарности к своему Творцу! Будем ещё искать пути сближения человека с человеком и взаимопонимания между религиями, вероисповеданиями и государствами!

Пусть Господь Нас на это благословит!

БАРЛЫҚ ДІНДЕР МЕН ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР ЗАҢ АЛДЫНДА ТЕҢ

Былтырғы жылдың соңында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заң қабылданды. Заңға сәйкес, Қазақстандағы барлық діни бірлестіктер 25 қазанға дейін қайта тіркеуге өтуі қажет. Павлодар облысындағы діни бірлестіктерінің «мемлекеттік» тіркеуі жөнінде және өңіріміздің діни ақуалын білу мақсатымен Павлодар облысы Дін істері департаментінің бастығы Дәулет Қоқанұлы Зәкарияновпен сұхбаттасқан егік.



– Департаменттің қызметі мен құзыреті жайында айта кетсеңіз?

– Алғаш біздің департамент 2010 жылдың қарашасынан Әділет министрлігі Дін істері комитетінің құрамында болып қызмет етуді бастаған. Былтыр мамыр айында ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі құрылған болатын. Содан бері біз сол агенттіктің құрылымында қызмет етіп келеміз. Негізгі құзыретіміз, міндетіміз аймақтағы діни саласындағы тұрақтылықты сақтау мен конфессияаралық келісімді нығайту және де діни саладағы қарым-қатынасты реттейтін заңды іске асыру болып табылады.

– Түрлі ұлт пен ұлыс мекендейтін Қазақстан үшін дін қандай орында? Адамдардың дінге бетбұрысы қандай?

– Енді, кеңестік дәуірдегі дінге деген көзқарас мемлекет тарапынан қандай болғаны бәрімізге жасырын емес. Бізге дін қажетсіз, себебі, коммунистік елдің іргесін қалаудамыз. Коммунизм мен дін екеуі бірге өмір сүре алмайды деген сияқты ұғымды санамызға енгізді. Ал, тәуелсіздігімізді алғаннан кейін, дінге деген көзқарас өте қатты өзгерді. Неге? Себебі, Қазақстан демократиялық жолды таңдады. Қазақстандағы негізгі құқықтардың біреуі бұл діни сенім бостандығы жарияланып, және азаматтарымызға мемлекет тарапынан Заңда бекіткен сенім бостандығы берілді. Жалпы осы кезде адамның діни қызметке деген сұранысы артып, сенім-нанымға деген көзқарасы өзгеріске көп ұшырады. Кейбір азаматтарымыз бұл жағдайдың жақсы да жаман жағы болады дейді. Дегенімен, бұл адамның жеке табиғи сұранысы. Адам өзінің рухани байлығын білмей өсу мүмкін емес.

– Жергілікті ұлттардың алуан түрлігімен қатар, олардың сенімдері де алуан. Әрқайсысының сенім жолдарының арасындағы бірлік пен ынтымақтастық қалай жүзеге асуда?

– Қазақстан демократиялық ел болғандықтан, халық арасында дін бостандығы жүзеге асады. Біздің міндетіміз осы діни ағымдардың арасында дін аралық, конфессия аралық келіспеушіліктерді болдырмау. Бұл біздің агенттіктің негізгі міндеті. Әр дін өкілінің өз көзқарастары бар. Тек олар өз қызметтерінде қоғамға, мемлекетке қайшы ниеттері және қарсы әрекеттер жасалмауды қадағалаймыз. Оның үстіне олардың көзқарастарын бірдей ету мүмкін емес. Алайда, әр конфессия арасында келісім орнату біздің парызымыз. Олардың арасындағы бірлік пен ынтымақтастықты екі жағдайда орната аламыз: Біріншіден, олардың арасында татулық, яғни дін аралық диалог құрастыру. Екіншіден, толеранттылықты орнату. Сонда ғана елімізде конфессия аралық келісім болып, шиеленістер туындамайды деп есептеймін.

– Отандасарымыздың сенімін құрметтеу әрқайсымыздың парызымыз деп түсінеміз. Ол мемлекетіміздің саясаты да. Ел ішіндегі діни түсініспеушіліктермен қалай күресесіздер? Конституция бекіткен тең құқықты қалай реттейсіздер?

– Енді, елімізде бұрыннан қалыптасқан, тарихы осы жерде тамырлаған дәстүрлі діндер көп мәселелер туындамайды. Қазақстанға кейіннен келген көптеген діни ағымдар бар. Олардың өзіндік қарастары, мәдениеті бар, елдерінде өз тарихы бар. Ал, біздің елде де өзіміздің қалыптасып қалған әдет-ғұрыптарымыз, менталитетке тән сана,

көзқарастарымыз бар. Діни ағымдарға онымен де санасуына тура келеді. Әрине, олардың сенім құндылықтарын мүлдем жоққа шығаруға болмайды. Өйткені, біз демократиялық ел құрып отырмыз. Оларды қабылдауымыз қажет. Осы жағдайда келіспеушіліктер мен діни шиеленістерді «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң шеңберінде реттейміз. Біздің елге келген екенсің мемлекетіміздің заңына бағынуға тура келеді. Кейбір діни ағым өкілдері бізге тіркелуге болмайды, біз Құдайдың алдында ғана жауап береміз дейтін жағдайларға да кезігетін кездер болды. Жалпы, біз ешқайсысын бөле жәрмаймыз. Ел Конституциясында исламға арналған, христиандарға, православтарға, буддисттерге арналған деген заңдық ұғым жоқ. Ешбіріне артық мәртебе де беріліп отырған жоқ, заңның алдында барлық діни ағымдар тең. Мемлекетіміздің Негізгі Заңының ешбір жерінен бұл ұғымды таппайсыз, тек діни бірлестік деген ұғым бар.

– Қоғамдағы «секта» деген ұғым жайында не дейсіз?

– Қоғамда «секта» деген ұғым бар. Сөздіктен қарасаңыз секта сөзі бір жолдан бөлініп шыққан ағым мағынасын білдіретін ұғым. Ол сөзден қорқудың қажеті жоқ. Мәселен, христиандық дін бар. Ол діннен кезінде католиктік, православтық, протестанттық діни бағыттар бөлініп шыққан. Кейіннен осы діни бағыттар көптеген ағымдарға бөлінді. Яғни, бұл анықтамада көрсетілгендей секта ұғымын беріп отыр. Ол деген жаман пиғылды білдірмейді, тек бөлініп шыққанын жеткізетін ұғым ғана. Қоғамда қорқыныш ұялататын бұл сөздің түк те жамандығы немесе әсірелеудің қажеті жоқ. Ал, заңдылық тұрғысынан секта ұғымы жоқ, діни бірлестік деген ұғым бар. Егер де белгілі бір діни бірлестік мүшесін не болмаса ағымын секта, сектант деп айтсаңыз жауапқа тартылуыңыз да мүмкін.

– Жалпы, дін адам үшін ең қасиетті, ең маңызды ұғым. Сол себепті дінге халық құрметпен қарайды. Атқарар жүгі ауыр әрі жауапкершілігі зор мекемені басқару Сізге қиын емес пе?

– Оңай деп айта алмаймын. Аймағымызда 18 әртүрлі конфессия бар. Олармен жеке-жеке тіл табысудан бөлек, оларды бір-бірімен тіл табыстыру, олардың араларын біріктіру қоғамдағы мәселелерге бағыттау тағы бар. Ол оңай нәрсе емес. Әрқайсысының қалыптасқан дәстүрлі ережелері, мәдениеті, этикасы болады. Біз олардың тарихын терең білу арқылы диалог құра аламыз. Олармен кездескенде немесе оларға барғанда өзіңді қалай ұстау қажет, тіпті дін басшыларын қалай атау керектігін білу қажет. Оларды аты-жөнімен атауға болмайды. Әр бір дін басшысының статусы, деңгейі болады. Мәселен, синагогаға кіргенде әйелдер бөлмесіне кіруге болмайды, православтар әйелі, еркегі бір бөлмеде құлшылық ете береді. Мешітке басыңызды жауып кірсеңіз, енді біріне бас киімді шешу міндет. Осы сияқты ерекшеліктерді білмей, олармен жұмыс жасау, жүздесу өте қиын. Олардың әрқайсысының тарихын, дәстүрін, өзін-өзі ұстау ережелеріне дейін бізге ақпараттану міндет.

– Сізге мынандай социологиялық сұрақ қойсақ. Павлодар өңірінде қандай діни ағымдар қызмет етуде? Аймақ халқының көпшілігі қай дінді ұстанады? Қанша діни бірлестік жұмыс жасайды?

– Облысымызда 18 конфессия бар дедік. Оның көбі протестанттық және жаңа протестандалық ағымдағылар. Дегенмен,

халқымыздың көпшілігі ислам дінін ұстанушылар. Аймақтағы діни бірлестіктерінің 60 пайызы мұсылман қауымдары.

– Ол халыққа да байланысты ғой. Мысалы, халық көпшілігінің қазақ тағы басқа да ислам дінін ұстанушы халықтың көптігінен болар?

– Енді бұл жөнінде көптеген сұрақтар туындайды. Мәселен, қазақ болғаннан кейін ислам дінін ұстанушы деген ой бізде қалыптасқан. Ол бес намазын оқып, барлық парыздарын орындап жатпаса да оны қазақ болғаннан кейін ислам сенушісі ретінде қабылдаймыз. Өйткені, олар өздерін мұсылман санайды. Дәл осылайша орыстар да православ дінінің өкілі атанады. Санақ жасағанда да өз туралы мәліметті осылайша береді. Жалпы, бұны нақты анықтау үшін терең социологиялық зерттеулер жасау қажет.

– Зерттеу жұмыстарын департамент жасай ма?

– Бұндай социологиялық зерттеу көп қаражатты талап етеді. Ал, біз өзіміздің жұмысымызға басқа ұйымдардың, ғалымдардың зерттеулері мен мамандардың сараптау жұмыстарын қолданамыз.

Әділет министрлігінде 150 діни бірлестік тіркелген болатын. Оның 53 діни бірлестік, 97 филиалдар. Жаңа заң қабылданғаннан кейін олар қайта тіркеуден өтуі қажет болды. Бұл жұмыстардың аяқталуына аз уақыт қалды. Бүгінгі күні 87 мешіт қайта тіркеуден өтті. 28 діни бірлестіктер құжаттарын тапсырды.

– Қайта тіркеуден үлгермесе ше?

– Құжаттары қабылданып қойса болғаны, сараптама жұмыстарының нәтижесінен кейін ғана тіркеуге алынады. Бұл 150 діни бірлестіктің бәрі өтеді деген сөз емес. Олардың болашағын сараптама нәтижесі көрсетеді.

– Қоғам секем алып қалған азаматтарымыздың исламға деген аяқталуына Сіздің көзқарасыңыз? Жастардың ислам дініне бетбұрысы қандай?

– Жалпы, ислам дінін ұстанатындардың 70-80 пайызы жастар. Әсіресе, 30-ға толмаған жас буын. Мешітке, жұма намазында жастардың көптеп келуі мені қуантады, әрине. Десек те, осы жастарымыз дұрыс жолда жүрме екен, жетесіздің жетегінде жүрмесе екен деген ой мені мазалап тұрады. Исламға келген азаматтарымыз атасынан жеткен ислам, исламның ішінде суннизм, суннизмнің ішіндегі ханафи бағытын ұстана ма осыны білу өте маңызды. Мешіт бұрышындағы тығылып жүрген қай ағымда жүргені белгісіз адамнан емес, мешіт имамынан білгені абзал.

– Сіздердің департаментте халыққа қызмет ететін, кеңес беретін теологтар бар ма?

– Жоқ, бізде теолог мамандары тапшы. Облыс бойынша бұл мамандар жоқтың қасы.

Жастарымыз «Хизб-ут-Тахрир», «Таблиғи жамағат» сияқты теріс пиғылды діни ұйымдарға ұрынып қалмай, имам, теологтардан мәлімет алуды әдетке айналдырғаны дұрыс. Кейде ата-аналар теріс ойлы ағымға ұрынып қалмасын деген қорқынышынан, баласының мүлдем мешітке барғанына қарсы болып жатады. Ол дұрыс емес шығар. Өйткені баланың дінге деген талпынысы мен ынтымақын ешкіріп алмаса игі болар еді.

– Өзіңіз исламдық парызды орындайсыз ба?

– Бес уақыт намаз оқимын деп мақтана алмаймын. Жұма намазына барып тұрамын. Оразамды ұстаймын. Қажылыққа барып келдім.

– Өңгімеңізге көп рахмет!
Өңгімелескен Жанар ӘБДІКАЛИҚЫЗЫ

Арнайы шығарылым

○ ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫҢ, ОТАНДАС!



ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫН МАҚТАН ЕТЕМІН

Жалпы өткен ғасырдың 80-ші жылдардың аяғы бүкіл қазақ халқы үшін қиындау кезең болды. Тіліміз қазақ тілі, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрмен қатар дініміз ислам ұрпағымыздың жүрегінен алыстай бастады. Бұрынғы үлкен еліміз ыдырап жатқан кезде Елбасымыз халқымыздың маңдайына біткен жарық жұлдыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің ұшқыр ойымен халқының ғасырлар бойы арманы – тәуелсіздіктің жолын аша бастады. Ең тұңғыш рет Елбасымыз Меккеге барғанда айтқан сөзі: «Біздің тегіміз Түрік, дініміз – Ислам, қасиетті кітабымыз – Құран кәрім: Оны оқып қана қоймай, зерттеп халықтың жүрегіне жеткізу қажет» деген. Міне сондықтан да көпұлтты Қазақстан халқын ұлтына, дініне бөлмей, қайта ол халықтардың ортақ мақсат-мүддесін, еліміздің бірлігін, бауырмалдылығын сақтау болды. Ең тұңғыш рет 1992 жылы

18 қазанда I дүние жүзілік рухани бірліктің Конгресін өткізуді қолдады. 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Біздің облыс Ассамблеясының ішіне енетін 19 этноұлттық мәдени бірлестіктер өздерінің тілін, әдеп-ғұрып, дінін насихаттауына жол ашты. Сондықтан да, халқымыздың достығы мен ынтымағының арқасында бір отбасы жандары сияқты өмір сүріп келеміз. Президентіміздің ұйымдастыруымен жылда Астанамызда Дүниежүзі конфессиялар басшыларының қатысуымен саммит өтіп тұрады. Мұндай жағдай басқа мемлекеттердің бірінде де болып көрген емес. Осындай маңызды рухани бірлікте күн кешіп, өз пікірлерін алмастыруы, Қазақстан туралы мағлұмат алып, бізге алғысын білдіруі еліміздің абыройы. Қазақстан Республикасының Халықтар Ассамблеясының мүшесі болып табылатын Павлодар облысының Мұсылман әйелдер лигасының атқарған жұмысы шексіз. Біздер – аналар,



Зара ҚОЖАХМЕТОВА,
Павлодар облысы
мұсылман әйелдер
лигасының төрайымы.

мемлекет тұтастығына, халық ауызбіршілігіне ұйытқы болып, жастарымыз отансүйгіштікке тәрбиелеуді өз борышымыз деп санаймыз. Елбасы ашып берген Достық үйімен және түсі бөлек, тілегі бір, жүзі бөлек – жүрегі бір халықтарымыздың рухани, мәдени бірлігімізбен мақтан етемін. Осындай бірлігі мығым еліміздің халқына бейбіт өмір мен бірлік тілеймен. Тәуелсіздік алғаннан бастап осы жылдарға дейінгі елімізде қалыптасқан рухани келісімімізді жастарымыз ары қарай жалғастырады деп сенемін.

○ ХАБАРЛАНДЫРУ

2012 жылдың 16 қазанында сағат 14:30-де С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің мәжіліс залында «Қазақстандағы тіл мәдениеті» атты дөңгелек стол өтеді.

Дөңгелек столдың өтілу мақсаты: Мемлекеттік тіл саясатын насихаттау. Тіл мәдениеті арқылы ұлтжанды болуға, ұлттық құндылықтарды, яғни ана тілі, тарих, тіл, дін, діл, әдебиет пен өнерді, мәдениетті жетілдіру, интерактивті әдістермен, ақпараттық технологияларды байланыстыру.

Өткізілу форматы: Мемлекеттік тіл қолданысының мәртебесін көтеру, тіл мәдениетін жетілдіру, Қазақстандағы тілдің көптүрлілігі жөнінде мәселелер қарастырылып, осы тұрғыда баяндамалар жасалынып, аталмыш мәселелер бойынша сұрақ – сауалдарға жауап алуға, шешім қабылдауға, ұсыныс – қолдау жасауға мүмкіндік бар.

Баяндамалар жинақ болып, жарыққа шығады. Шараға кез-келген қатысамын деушілер қатыса алады. **Шараны ұйымдастырушылар:** «Колыбель солидарности» ҚБ, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасы. **Сұрақтар туындаса 8(7182) 673687 немесе 87056115312 хабарласа аласыздар**

2012 жылдың 25 қазанында сағат 15.00-де С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті А2 аудиториясында «Қазақстандықтардың тілдік қоры» атты дөңгелек стол өтеді.

Дөңгелек столдың өтілу мақсаты: Мемлекеттік тіл саясатын насихаттау. Тіл мәдениеті арқылы ұлтжанды болуға, ұлттық құндылықтарды, яғни ана тілі, тарих, тіл, дін, діл, әдебиет пен өнерді, мәдениетті жетілдіру, интерактивті әдістермен, ақпараттық технологияларды байланыстыру. Шараға кез-келген қатысамын деушілер қатыса алады. **Шараны ұйымдастырушылар:** «Колыбель солидарности» ҚБ, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасы.



Татьяна КУЗИНА,
председатель Славянского центра

В самые первые годы своего образования как государства независимого – Казахстан, во главе которого стал Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев, и благодаря его мудрости выбрал путь ЕДИНЕНИЯ всех народов. Этим можно гордиться! Ведь уже в первые годы Нурсултан Абишевич предлагает провести Первый Всемирный конгресс духовного согласия, который состоялся 18 октября 1992 году. Сколько было удивления, неверия в созидательную силу различных конфессий и общественных движений. Следом, опять же по инициативе Президента, создаётся Ассамблея народа Казахстана, которая в дальнейшем взяла на себя функции одного из организаторов

ДЕНЬ ДУХОВНОГО ЕДИНСТВА И В ЭТОМ МЫ СИЛЬНЫ!

ежегодных международных форумов по духовному согласию. Казахстан органично продолжает сохранять мировые ценности, основу которых составляет духовная культура человека. Ведь ещё в далёком девятом веке славянские Первоучители Кирилл и Мефодий призывали к веротерпимости, к пониманию друг друга. Ну, а если вспомнить великого учёного, философа, художника Николая Константиновича Рериха, который всей своей жизнью доказывал, что придёт время, и все люди на земле осознают единство ВЕРЫ через культуру. В своих трудах он писал, что «культура покоится на Красоте и Знании» и, неустанно повторяя великого писателя Фёдора Ивановича Достоевского (великого знатока души), говорил: «Осознание Красоты спасёт мир». Ведь не секрет, что КРАСОТА познаётся человеком лишь через Культуру. Пришло время, и мир осознал учение Рериха и его широкого понятия Культуры. Он утверждал, что культура – это синтез лучших достижений человеческого духа в области религиозного опыта, образования, науки и искусства. Давайте вдумаемся и поймём, как чётко разграничил Николай Константинович понятия культуры ДУХА и цивилизации. Если Культура имеет отношение к духовному миру

человека в его ТВОРЧЕСКОМ самовыражении, то цивилизация это всего лишь внешнее обустройство человеческой жизни. И как удивительно вовремя наш Президент предложил МИРУ встречаться, обсуждать и находить ПУТИ ЕДИНЕНИЯ народов всей земли. Исторически мы понимаем – мы разные, но ведь в этом и есть большая сила, сила человеческого духа. И нам важно понимать это, и услышать ещё одного выдающегося учёного Льва Николаевича Гумилёва: «Нельзя стремиться сделать всех людей подобными себе, но нужно научиться жить с ними в согласии». Согласие в современном обществе возможно достичь через духовно-нравственное возрождение человека, что собственно и спасёт мир. Но важно не свести всё к призыву о возрождении духа и единства, а ежедневно творить благие дела, чем и занимается Ассамблея Казахстана, и мы, Ассамблея Павлодарской области, вносим посильный вклад в создании духовно-нравственной основы нашего общества, помогая Президенту осуществлять политику Государства. Творческие коллективы Славянского культурного центра (а их много) в День Духовного согласия проводят лишь итог прошедшего года

по сделанной работе, а она происходит естественно! Созидание Красоты души должно быть ежедневным, вот почему проводятся благотворительные концерты по области; круглые столы, на которых всегда пропагандируют мировые достижения в области науки и литературы; проводим интересные встречи-концерты классической музыки и приглашаем в Дом дружбы, где разместилась «Библиотека – дар Правительства России», в которой мы бережно собираем всё духовное богатство мира. И верим – прикоснувшись к мировым ценностям – человек становится чище нравственно, и происходит преобразование человеческого сознания. Как важно через мировые ценности донести обществу, что Духовное понятие ни в коей мере не означает однообразия, унификации, а в религии не следует искать противопоставление друг другу. Важней сегодня подчеркнуть объединяющее начало, а это есть – мир и согласие. И как важно, что ежегодно мы отмечаем социально-значимую дату – День Духовного Согласия, а инициатором этого удивительного мирового призыва был Казахстан! Так будем же жить в МИРЕ и СОГЛАСИИ, сохраняя КРАСОТУ Вселенной!

Құрылтайшы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор
Н.А. Байгенжеев
Тілшілер
Ж. Елешова
Д. Ларионов
Р. Торпищева
Фото тілші
М. Тоқанов
Көркемдеуші-беттеуші
Н. Яницкая

Ақылдастар алқасы:
С.М. Әмірбаев
Р.Ж. Қадысова
Ж.Т. Сарбалаев
Қ.М. Алдабергенов
А.Ж. Құдабаев
Г.Н. Кенжебалина
А.Ф. Зейнулина

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1858-Г куәлігі берілген (02.04.2001) Газет С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің "Білік" газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Таралымы 500 дана.

Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй тел.: 61-80-26. **РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:** Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 64, 427А - кабинет. Байланыс тел/факс: 67-36-48

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. Тапсырыс № 2139